**«Сарат мектеп-бөбекжай-балабақша кешені» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде өткізілген жалпы ата-аналар жиналысының**

# ХАТТАМАСЫ

«» 6.09 2024 жыл.

**Қатысқандар:** **Мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілер,ата-аналар7**

**Күн тәртібінде:**

**1.1 «Жасөспірімдердің өмір қауіпсіздігінің алдын алу» ,Жол жүру ережелері электро самакаттар, зиянды әдеттер учаскелік полиция инспекторы: А.Е.Мусин**

**1.2 Тұрғын сектордағы өрт қауіпсіздігі шараларын сақтау,өрттің туындауын болдырмау үшін тұрмыстағы өрт қауіпсідігі ережелерін сақтау.**

**Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәні мұғалімі: С.Т.Жұмабек**

**2. «Құқық бұзушылықтың алдын алу» мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары: А.Б.Аманкелдиева**

**2.1 «Оқушылардың қала сыртындағы лагерьлерде демалуын ұйымдастыру және баяндамалау» мектеп әлеуметтік педагогы: А.С.Есмағанбетова**

**3. Буллинг және кибербуллинг, алдын алу жолдарын түсіндіру**

**Мектеп психологы: Т.Н.Сәрсенхалықов**

**Тыңдалды:**

**Мектеп директоры Ж.Б.Қайдақова сөз алып, ата-аналарға бүгінгі жиынның күн тәртібін айтып өтті. Жиынға қатысып отырған қонақтарымен таныстырды.**

**Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша:** учаскелік полиция инспекторы : А.Е.Мусин сөз алып өз сөзінде алдымызда тұрған басты міндеттердің бірі – аудан көлеміндегі кәмелетке жасқа толмаған жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықпен қылмыстың, қандайда бір келеңсіздіктерді болдырмау өзекті мәселенің бірі болып табылады. Соның ішінде мото мәселесі және оқушыларға ұялы телефондарды ұстатпау туралы. Қазақстан Республикасының 597 бұйрығына сәйкес 18 жасқа толмай көлік жүргізуге болмайды. ҚР 593 б 1 тармағына сәйкес самакатқа да тыйым салынады. Кешкі рейдтік іс - шаралар жүргізілуде. Егер кәмелетке толмаған балалар ұсталған жағдайда, айыппұл салынатынын хабарлады. Және де тіркелмеген мотоцикл ұсталған жағдайда қайтарылмайтынын хабарлады. Қазіргі таңда баланың тәртібін қадағалау ата -ананың бірінші міндеті. Отан отбасынан, отбасы ошақ қасынан басталатыны анық. «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер», «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» деген қанатты сөздерден бабаларымыздың бағзы заманнан-ақ бала тәрбиесіне мән бергенін аңғаруға болады. Сондықтан отбасының жеміс берер гүлі, алтын тіреу діңгегі – бала. Ата-ана баланы бесіктен тәрбиелеп, бағып-қағып, оқытып саналы азамат етіп тәрбилейді. Бүгінде өрімдей жастардың қылмыс жасауы көз үйренген әдетке айналды. Қазақстанда заң бойынша кәмелетке толмаған жасөспірімдерге түнгі сағат 23:00-ден кейін көшеде ата-анасыз жүруге тыйым салынған. Оқушылардың электронды сигарет шекпеуін қадағалау. Ең бастысы жас ұрпақты сапалы білім мен саналы тәрбиеге баулу. Қазақстанда балаларға зорлық-зомбылық көрсету өршіп тұр. Олар негізінен отбасында және мектепте психологиялық қысым көреді екен. . Балалық шақты қорғау - балалардың құқықтық мәртебесін айқындайтын нормативтік құжаттарды әзірлеу негізінде балалардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ететін шаралар жүйесі; балалар еңбегін заңнамалық реттеу; қорғаншылық, қамқоршылық және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды асырап алу жүйесін жетілдіру; тиісті көмекке мұқтаж балалармен түзету және оңалту жұмыстарын жүргізу үшін мамандандырылған әлеуметтік қызметтер мен мекемелер желісін құру. Балалардың және балалы отбасылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақстан Республикасының ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі болып табылады. Балалық шақты әлеуметтік қорғауда отбасы мен мектеп, сондай-ақ арнайы әлеуметтік жұмыс қызметтері ерекше рөл атқарады: муниципалды қызметтер, стационарлық мекемелер жүйесі, баспана, балалар үйі, интернаттар, қосымша білім беру және балаларды дамыту

мекемелері, психологиялық, медициналық, әлеуметтік және педагогикалық қолдаудың мамандандырылған орталықтары, кеңес беру және оңалту қызметтері және т.б. Әлеуметтік қорғаудың субъектілері сонымен қатар әлеуметтік қызметкерлер, әлеуметтік педагогтар және басқа да мамандар болып табылылады.Тұлғаның үйлесімді дамуы үшін бала махаббат пен мейірімділік бар ортада, отбасында, жақын және сүйіспеншілікке толы адамдар арасында өсуі керек. Ересектердің міндеті - баланы өз бетінше өмір сүруге дайындау, қоғамның толыққанды мүшесі болуына көмектесу және баланың қалыпты физикалық және интеллектуалдық дамуына жағдай жасау.Баланың өмір қауіпсіздігі сіз бен бізге байланысты.Транспорттың бала өміріндегі қауіпсіздігі жөнінде толық мағлұма беріп өтті.

**Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәні мұғалімі: С.Т.Жұмабек**

Тұрғын сектордағы өрт қауіпсіздігі шараларын сақтау,өрттің туындауын болдырмау үшін тұрмыстағы өрт қауіпсідігі ережелерін сақтау туралы таныстырып өтті. Жылыту маусымының аяқталуына байланысты және элетр желісінің шамадан тыс жүктелуіне жол бермеу розеткаға бір мезгілде бірнеше қуатты электр құрылғыларын (шәйнек, қысқа толқынды пеш т.б) қоспау. Сіріңкелер мен тұтандырғыш құралдарды балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау және балалардың қолына бермеу. Балаларды қараусыз қалдырмау. Тозған электр жүйелерін, құрылғыларды уаұтысында ауыстыру мұқият болу.тұрғын үй аумағын жанғыш қоқыстан уақтылы тазарту,сондай – ақ үй жанында учаскелерді қоқысты бақылаусыз жағуға тыйым салынаты туралы түсіндіріп өтті.

**Тыңдалды:** Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасраы: А.Б. Аманкелдиева «Құқық бұзушылықтың алдын алу», «Жазғы мектеп жанындағы сауықтыру лагерь» жайлы баяндап өтті. Жалпы тәрбие қалай қалыптасады? Қандай факторлар әсер еттеді? Бүгінгі жалпы ата – аналар жиналысының тақырыбын тектен – тек «Оқушылар мен жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу мектеп пен отбасы - серіктестер» тақырыбында өткізгелі тұрмыз.өйткені қазіргі қоғамда ең маңызды мәселелерінің бірі – бұл жасөспірімдердің арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың көбеюі. Осындай жағдайлардың алдын алу үшін балаларымыздың бойында дұрыс құқықытық тәрбие мен құқықтық білім беруіміз керек.Құқық пен тәрбиенің өзара байланысты әрекеті негізінен жанама түрде тәрбиеге араласқан ата – аналар мен ұстаздар арқылы іске асырылады. Құқықтық тәрбиені жүзеге асыруда қойылатын талаптар қандай? – әрине бұл заңдарды білу Бала мен ата – ананың құқықтары мен міндеттері белгіленген заңдар. Он төрт жастан он алты жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар жасаған ҚР қылмыстық кодекстің 257 – бабының бірінші бөлігінде көзделген ұсақ бұзақылық немесе бұзақылық, ата – аналарға немесе оларды алмастыратын адамдарға айлық есептік көрсеткіштің екіден беске дейінгі мөлшерінде айппұл салуға әкеп соғады. Кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерінің ертіп жүруінсіз түнгі уақытта (сағ 22 – ден таңғы 6 – ға дейін) ойын – сауық мекемелерінде болуы, - заңды өкілдеріне ескерту жасауға әкеп соғады. Осы баптағы бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс – әрекет, - заңды өкілдеріне айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Мектеп жанындағы жазғы сауықтыру лагерь жұмысын ұйымдастырудың мақсаты:

Балалардың жазғы демалысын тиімді пайдалануына және сауықтырылуы мен демалысы үшін қажетті жағдайлар жасау, мәдениетін, салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру.

Лагерде балалармен жүргізілетін жұмыс түрлері : Спорттық, ұлттық, танымдық және жергілікті ойындар. Алғырлық, зерделік, тілдік шоу – сайыстар, ер балалар мен қыз балалар арасындағы әдеп, салт – дәстүрге байланысты сын – байқаулар; ұлттық , дәстүрлер мерекесі; өнер байқаулары; сурет көрмесі, плакаттар байқауы; ән – күй кештері,

**Тыңдалды:** Күн тәртібінің 3-ші мәселе бойынша әлеуметтік педагог А.С.Есмаганбетова жазғы сауықтыру және жалпы оқу қорының сыртқы легерге баратын әлеуметтік санаттағы балалар және мектепке жол акциясы, оқушыларды ыстық тамақпен қамтылуы туралы хабарлама жасады.Жыл сайын оқу жылы кезеңінде және демалыс уақыттарында Жалпыға бірдей білім беру қорынан және Республикалық бюджеттен оқушылардың қала сыртындағы лагерьлерде демалуы үшін әртүрлі қалалардағы демалыс, спорттық және оқу-сауықтыру орындарына жолдамалар беріліп отырады. Тегін жолдамаларға ие болудың негізінен оқушылардың әлеуметтік мәртебесі, оқу үлгерімі, қоғамдық және шығармашылық жұмыстарға белсене араласуы, цифрлы технологияларды жақсы меңгеруі, пікірсайыстар мен дебатардың қатысушысы болуы сияқты талаптары бар. Әлеуметтік

мәртебенің ішінде бірінші кезекте қамқорлықтағы оқушылар, атаулы әлеуметтік көмек алушылар, аз қамтылған және көп балалы отбасы балалары.

**Тыңдалды**: Күн тәртібінің 4-ші мәселе бойынша мектеп психологы Т.Н.Сәрсенхалықов Кибербуллинг дегеніміз не? Тақырыбында баяндама оқыды.

Кибербуллинг - бұл цифрлық технологияларды пайдалана отырып қорқыту және қинау.

Ол әлеуметтік медиада, хабарлама алмасу үш қосымшаларда, ойын платформаларында және ұялы телефондарда орын алуы мүмкін.

Бұл қайталанатын эпизодтар, олардың мақсаты - аңдып жүргендерді қорқыту, ашу немесе қорлау.

Қорқыту балалар үшін зиянды және ұзақ мерзімді салдары болуы мүмкін.

Физикалық салдардан басқа (ұйқының бұзылуы, бас ауруы) балалар эмоционалды және психикалық денсаулықты, оның ішінде депрессия мен мазасыздықты сезінуі мүмкін, бұл мектептің нашар үлгеруіне әкелуі мүмкін.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғау, білім беру, ақпарат және ақпараттандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2022 жылғы 3 мамырдағы Заңмен «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» және «Білім туралы» Заңдарға «жәбірлеу (буллинг), кибербуллинг» ұғымдары енгізілді.

Оқу-ағарту министрлігі баланы жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу қағидаларын әзірлеу және бекіту жөніндегі уәкілетті орган болып табылады.

Кибербуллинг - бұл сандық технологияны қолдану арқылы қорқыту және қудалау. Ол әлеуметтік желілерде, хабар алмасу қосымшаларында, ойын платформаларында және ұялы телефондарда болуы мүмкін. Оның мақсаты қудаланғандарды қорқыту, ашуландыру немесе масқаралау. Мысалы:

* жалған ақпарат тарату немесе әлеуметтік желілерде біреудің әдепсіз фотосуреттерін орналастыру;
* хабар алмасу платформалары арқылы хабарламалар жіберу;
* басқа адамның атынан әдепсіз хабарламалар жіберу.

Шын өмірде қудалау мен кибербуллинг көбіне бір уақытта болуы мүмкін.

Бүгінде 11-15 жастағы жасөспірімдердің 12%-ы кем дегенде бір рет немесе одан да көп рет кибербуллингке ұшырағаны белгілі болды. жасөспірімдердің 11%-ы кем дегенде бір рет басқа адамдарды кибербуллинг құрбаны етуге қатысқан. Кибербуллинг адамға орасан зиянын тигізеді, оның үмітсіздік пен шарасыздық күйге түсуіне себеп болады. Кей кездері буллинг кесірінен адамдар суицид жайында ойлап, өзіне қол жұмсауы мүмкін. Мәселен, бір кездері «Синий кит», «Розовый сон» сияқты балаларды өлімге итермелеген ойындар қаптады. Осыған орай кибербуллинг мәселесін қатаң қадағалауға алып, заң тұрғысынан оның таралуына шектеу қойылса деген пікірлер сарапшылар мен қоғам белсенділері тарапынан көп айтылып жүр. Мемлекет басшысы өз Жолдауында азаматтарды, әсіресе балаларды кибербуллингтен қорғау бойынша заңнамалық нормаларды қабылдауды тапсырды».

**Сөз сөйледі:** Ата – ана Нұрахметова Кымбет өз сөзінде Буллинг, кибербуллинг, суицидтің алдын алу үшін үйдегі балалардың тәрбиесін қадағалауды күшейту,баланың бос уақытын дұрыс ұйымдастыру, баламен дұрыс қарым –қатынаста болу, балаға барынша мейірлімділік таныту барлық ата-ананың ең бірінші міндеті екенін айтып өтті.

**«Сарат мектеп-бөбекжай-балабақша кешені» КММ-нің басшысы: Ж.Б.Қайдақова**

**Мектеп директорының тәрбие жұмысы А.Б.Аманкелдиева**

**жөніндегі орынбасарлары: Р.М.Жаңабаев**

**Хатшы: Д.Ғалилқызы**

**«Сарат мектеп-бөбекжай-балабақша кешені» КММ-нің**
**жалпы ата-аналар жиналысыны**
**Хаттама №1**

**« »19.08. 2024 жыл.**

**Қатысқандар: 25**

**Күн тәртібінде:**

**1.Мектептің ішкі тәртіп ережелерімен таныстыру.**

**2.Мектептегі мектеп формасының сақтау**

**3.Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу, буллинг пен қылмысқа жол бермеу, кешкі уақыттағы оқушылардың қозғалыстарын шектеу.**

**4.2024-2025 оқу жылындағы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасымен таныстыру.**

**5. «Мектепке жол» ыстық тамақпен қамтылды.**

**Тыңдалды:**

1) Мектептің ішкі тәртіп ережелерімен таныстыру.
   - Мекеп диреткоры мектептің ішкі тәртіп ережелерін таныстырды.
   - Мектеп директоры мектептің ішкі тәртіп ережелерін таныстырды.
   - Тәртіп сақтау қажеттілігі, ережелерді бұзбаудың салдарын талқылады.
   - Ата – аналарға мектеп ережелерінің көшірмелері таратылды.
2) Мектептегі мектеп формасының сақтауы
   - Мектеп формасы бойынша талаптар жүйесі мен сапасы туралы ата-аналардың пікірі сұралды.
3) Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу, буллинг пен қылмысқа жол бермеу, кешкі уақыттағы оқушылардың қозғалыстарын шектеу.
   - Ата-аналарға құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында видиороликтер көрсетілді.
   - Жоспарымен таныстырылды.
   - Кешкі уақытта оқушылардың көшеде жүрмеуін қатаң түрде талап етілді.
4) 2024-2025 оқу жылындағы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасымен таныстыру.
   - 2024-2025 оқу жылынан бастап барлық білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы енгізіліп «ҚР Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 шілдедегі №94 бұйрығымен бекітілген білім беру ұйымдарына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» бекіту туралы , 06 тамыздан №380 облстың білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын енгізу туралы , 27 тамыздағы №128 бұйрығымен аудандық білім бөлімінің бұйрығын басшылыққа алып жүзеге асырылуы туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

**Шығып сөйлеушілер:**

1) Жеткергенова Ж бүгінгі ата-аналар жиналысында қаралып отырған мәселе өзекті мәселелер мен толықтай келісемін.
2) Асанбаева А бүгінгі ата-аналар жиналысында қаралып отырған мәселе өзекті мәселелермен толықтай келісемін.

**Қаулы:**

1) Барлық ата-аналар мектептің ішкі тәртіп ережелерін орындауға міндетті екендігі туралы ескертілсін.

**«Сарат мектеп-бөбекжай-балабақша кешені» КММ-нің басшысы:** **Ж.Б.Қайдақова**

**Мектеп директорының тәрбие жұмысы** **А.Б.Аманкелдиева**

**жөніндегі орынбасарлары:** **Р.М.Жаңабаев**

**Хатшы:** **Д.Ғалилқызы**